

аллергическая болезнь, характерная высыпаниями на коже и, если их вовремя не лечить они оставляют белые пятна, которые невозможно вывести, удалить.

Способ исцеления довольно странный, но действенный: больного бьют новым венником, принесенным самим больным человеком, затем его заворачивают в красную ткань. И болезнь «бавосил» также лечат с помощью верблюжьего жира. Так как верблюд питается колючкой его жир считается целебным, местному населению хорошо известны целебные свойства цветущей верблюжьей колючки. Целительный верблюжий жир доставляется из степей Караулбазара, где пасутся стада верблюдов. Пожилые казахские женщины в возрасте 65-70 лет принимают больных в среду и субботу. Сроки лечения различны смотря на тяжесть болезни от 3 до 7 дней, иногда и две недели длится процесс исцеления. По причине того, что многим действительно помогает это лечение стали известны такие целительницы как, Каршигайтабиб, Майрамтабиб, Ойдинтабиб [3].

Можно сделать выводы о том, что казахи, проживающие в Бухарском регионе смогли через года сохранить свою этнокультура, свои традиции, материальные и духовные ценности. Этническое разнообразие регионов способствует привлекательности этнотуризма и было бы целесообразно разработать новые объекты и маршруты, превращая казахские аулы и махалли в объект этнотуризма. Развитие туризма в этих краях будет служить для обеспечения населения работой, укреплению толерантных отношений и для сохранения традиционной культуры казахов, живущих в Узбекистане.

Список литературы

1. Назаров Р., Алиева В., Юнусова Ж. Казахская диаспора Узбекистана: история и современное этнокультурное развитие // Туркология. - 2007. - № 3-4. - С.60. (56-62).
2. *Полевые записи.* Махалля Жонгелди, Пушкунский район, Бухарская область. 2025 г. апрел.
3. *Полевые записи.* Кишлак Киракашхона, Каганский район, Бухарская область. 2021 г. феврал.

ҚАЗАҚ АССР-ДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТТАР МЕН БИЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ


Қалжанова Ш. А., МО-22-1к тобының студенті, 3 курс

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қазақстан Республикасы,
Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші – **Кенжеғали Ж.М.**, қауымдастырылған профессор
shkalzhanova@mail.ru

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (Қазақ АССР) құрылуы ХХ ғасырдың басында қазақ жерінде жаңа мемлекеттік-құқықтық жүйені қалыптастыруға жол ашты. Кеңестік билік орнағаннан кейінгі алғашқы онжылдықта құқықтық институттарды құру және билік органдарын қалыптастыру үдерісі ерекше қарқын алды [4]. Бұл кезеңде кеңестік идеологияға сәйкес мемлекеттік биліктің жаңа құрылымдары жасалып, құқықтық негіздері анықталды [5]. Қазақ АССР-де құқықтық институттардың қалыптасуы мен қызметі мемлекеттің басқару жүйесіндегі маңызды рөл атқарды.

1920 жылғы 26 тамыздағы «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет Қазақ өлкесінің кеңестік негізде басқарылуын заңдастырды [1]. Осыдан кейін Қазақ АССР құрамында құқықтық және билік органдарының қызметі орталықтандырылған сипатқа ие болып, республикада кеңес органдары мен халық соттарының жүйесі қалыптасты [6]. Мақалада осы тарихи кезеңдегі құқықтық институттардың даму үдерісі мен олардың билік органдарымен өзара байланысы қарастырылады.




Мақаланың мақсаты – Қазақ АССР кезеңіндегі құқықтық институттар мен билік органдарының құрылу тарихын, заңнамалық негіздерін және олардың өзара әрекеттесуін талдау. Зерттеу барысында тарихи құжаттар, нормативтік актілер және ғылыми еңбектер пайдаланылды [2].

Негізгі бөлім

1. Қазақ АССР-нің құрылуы және құқықтық негізі

1920 жылы 26 тамызда БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декреті қабылданды [1]. Бұл декрет Қазақ өлкесінің мемлекеттік-құқықтық мәртебесін алғаш рет ресми түрде бекітіп, кеңестік биліктің жаңа жүйесін енгізуге мүмкіндік берді. Қазақ АССР-нің алғашқы Конституциясы 1926 жылы қабылданды және ол РСФСР Конституциясына негізделді [2]. Конституцияда республиканың мемлекеттік билік құрылымы, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ кеңестік басқару жүйесінің негізгі қағидаттары анықталды.




2. Кеңестік билік органдарының қалыптасуы

Қазақ АССР-нің билік органдары кеңестік модельге сәйкес құрылды. Ең жоғарғы орган болып Қазақ Орталық Атқару Комитеті (ҚазОАК) танылды. Ол Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесімен (ХКК) тығыз байланыста жұмыс істеді [3]. 1920–1930 жылдары ҚазОАК Қазақ өлкесін басқарудың негізгі заң шығарушы және бақылаушы органы қызметін атқарды. Оның құрамына өлкелік съездерде сайланған өкілдер кірді, ал олардың алдында атқарушы комитеттер мен жергілікті кеңестер есеп беріп отырды [4].

Сонымен қатар, Қазақ АССР-де сот жүйесі де қайта ұйымдастырылды. Халық соттары (народные суды) кеңестік биліктің бастапқы құқық қорғау институты ретінде жұмыс істеді.

Олар әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуді көздеді, бірақ іс жүзінде партиялық және таптық мүдделерді қорғауды басты міндеті санады [5].



3. Құқықтық институттардың дамуы

1920–1930 жылдары Қазақ АССР-де құқықтық институттардың дамуы заңнамалық реформалар арқылы жүзеге асты. Мысалы, 1922 жылғы «РСФСР Қылмыстық кодексі» Қазақ өлкесінде де қолданылды және құқық қорғау органдарының қызметін біріздендіруге жол ашты [6]. Одан бөлек, 1926 жылғы Қазақ АССР Конституциясы мен Қазақ өлкелік заңдары республикадағы заңнамалық орталықтандыру үдерісін күшейтті.

Қазақ АССР прокуратурасы да осы кезеңде құрылып, халық соттарының қызметін бақылау және заңдылықты сақтау міндетін атқарды [7]. Прокуратура органдары бастапқыда РСФСР Бас прокуратурасына бағынышты болды, бірақ 1930-жылдары Қазақ АССР прокуратурасы өз құзыретін кеңейтіп, жергілікті басқару органдарын да қадағалауды қолға алды [3].

4. Билік пен құқықтық институттардың өзара байланысы

Қазақ АССР-де билік пен құқықтық институттардың дамуы өзара тығыз байланыста жүрді. Кеңес үкіметі құқықтық институттарды социалистік заңдылық қағидаттарына сай ұйымдастырып, оларды билік органдарының идеологиялық құралдарына айналдырды [4]. Бұл байланыс әсіресе 1920-жылдардың соңында күшейді, өйткені саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету және орталықтандырылған басқару жүйесін нығайту мақсатында құқықтық институттарға ерекше мән берілді.

Қазақ АССР-де құқықтық институттар мен билік органдарының қалыптасу тарихы - кеңестік идеология мен социалистік құқықтық жүйенің ықпалымен күрделі әрі көпқырлы үдеріс болды. Кеңестік биліктің орнығуы мен нығаюы барысында Қазақ АССР-нің мемлекеттік басқару құрылымы орталықтандырылып, құқықтық институттар социалистік заңдылық қағидаттарына сәйкестендірілді [3;4].

1920 жылғы Декрет пен 1926 жылғы Қазақ АССР Конституциясы құқықтық институттардың қызметін және олардың билік органдарымен өзара байланысын нығайтуға негіз болды [1;2]. Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақ өлкесінің саяси және әлеуметтік дамуын бақылауда ұстаудың негізгі тетігіне айналды. Бұл институттар халықтың билік органдарына сенімін арттыруға емес, керісінше, билікті орталықтандыру мен социалистік құрылымды орнықтыруға бағытталды [5].

Құқықтық институттардың дамуы РСФСР заңнамалық тәжірибесіне сүйеніп, 1922 жылғы Қылмыстық кодекс және өзге де нормативтік актілерді республика аумағында қолдану арқылы жүзеге асты [6]. Бұл өз кезегінде құқықтық жүйені біртұтас кеңестік құқықтық кеңістікке енгізуге мүмкіндік берді. Дегенмен, Қазақ АССР-де қабылданған заңдар мен құқықтық институттардың қызметі көбінесе социалистік мемлекет мүдделеріне бағындырылып, құқық қорғау органдары партиялық бақылау құралына айналды [3].

Сонымен қатар, Қазақ АССР прокуратурасы мен халық соттарының қызметі заңдылықты қорғау және азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету міндетін атқарғанымен,

іс жүзінде партиялық тапсырмаларды орындау құралы ретінде пайдаланылды [4;5]. Осылайша, құқықтық институттар мен билік органдары өзара байланысып, социалистік идеологияның үстемдігін қамтамасыз ету құралына айналды.

Қорытындылай келе, Қазақ АССР-де құқықтық институттар мен билік органдарының қалыптасу тарихы – кеңестік құқықтық жүйенің және мемлекеттік басқару құрылымының қазақ қоғамына ықпалын көрсететін маңызды тарихи кезең. Бұл үдеріс қазақ жерінде социалистік билікті орнықтырумен қатар, құқықтық жүйені орталықтандыру мен құқықтық институттарды партиялық бақылауға алудың нақты көрінісі болды. Болашақ зерттеулерде Қазақ АССР-нің құқықтық тарихы тек саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар аймақтық ерекшеліктер мен қазақ қоғамының әлеуметтік сұраныстарын ескеріп қарастырылуы тиіс деп есептейміз [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚазОАК. «Қазақ (Қырғыз) АССР-ін құру туралы» Декрет. - 1920.
2. Қазақ АССР Конституциясы. - 1926.
3. Ескендірұлы С. Қазақ АССР-нің мемлекеттік-құқықтық жүйесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.
4. Кенжалиев З.Қ. Қазақстандағы кеңестік құқықтық жүйенің тарихы. - Алматы: Жеті жарғы, 1999.
5. Ашимбаев Т. Совет дәуіріндегі сот жүйесі. - Алматы: Заңгер, 2001.
6. РСФСР Қылмыстық кодексі. - 1922.
7. Прокуратура тарихы. - Алматы: ҚазАқпарат, 2003.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ БОСҚЫНШЫЛЫҚҚА ҰШЫРАУ МӘСЕЛЕСІ: МИГРАЦИЯЛАР ТЕОРИЯЛАР КОНТЕКСТІНДЕ

Құндызбай Диана Қуантайқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы
diana.krmu@mail.ru

Кіріспе. Тарих ғылымында қандай да бір тарихи оқиғаны зерттеп, оған объективті баға беру ісі күрделі процестердің бірі. Себебі ол үшін зерттеліп жатқан оқиға немесе құбылысты барынша жан-жақты, кешенді түрде зерттеу өте маңызды.

Әлемдік ғылыми тәжірибеде мәселені тереңірек әрі жан-жақты зерттеудің тиімді жолдарының бірі ретінде зерттеу проблемасын түрлі әдіснамалық тәсілдер мен теориялық тұжырымдамалар контекстінде қарастыру кеңінен қолданылады. Ол қарастыратын мәселені барынша кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да ғылыми зерттеу жұмысында оның әдіснамалық тәсілдерін айқындап, олардың қолданылу аясы мен ерекшеліктерін ашып көрсету өте өзекті болып табылады.

Тарихи зерттеулердің белгілі бір теориялық негіздемелермен сүйемелдене отырып жүзеге асырылуы оның құндылығын арттырып қана қоймай, жалпы зерттеу жұмысының болмысын аша түседі. Бұл ойды тарих ілімінің дамуын зерттеумен айналысқан теоретик ғалымдар да айтып кеткен. Мысалы, әлемдік тарих ғылымында әдіснама бойынша майталман маман болып саналатын Эдвард Хейлетт Карр кез келген тарихи зерттеу белгілі бір теориялық контекстке сүйенбесе, онда «құры фактілер тарихи процесс туралы өз бетінше ештеңе айта алмайды» деп топшылайды [1; 9-10 бб.]. Атақты американдық тарихшы-ғалым Хейден Уайт болса өзінің метатарих туралы еңбегінде тарихи оқиға мен тарихи процестерді нарратив ретінде сипаттап, оларды әдеби мен теориялық стратегияларсыз жүрмейтінін көрсетеді. Х. Уайттың айтуынша, тарихшылар тек қана фактілерді жазып қана қоймай, осы